



# Төл тарихын түлеткен тұлға

**Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры, ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Зиябек Ермұханұлы Қабылдиновтың асқаралы алпыс жасқа толуына орай, әріптестері Д. Қамзабекұлы, А. С. Уалтаева, С. Жұматай, А. Р. Бейсембаева, Д. М. Сандыбаева «Байсалды белес» атты Зиябек Ермұханұлы туралы ой-толғамдар мен құттықтаулар топтамасын жарыққа шығарды.**

Ұлт руханиятының жанашыры, елдік мүддені ғылыми тұрғыдан табанды қорғайтын тарихшы, шебер ұйымдастырушы, халықаралық деңгейдегі ғалым Зиябек Қабылдинов жайында сыр шерткен әріптестері мен шәкірттері, замандастары ол кісінің тұлғалық болмысы, ғылымға қосқан елеулі еңбектері, биік адамгершілігі турасында жан-жақты ой толғап, байсалды белес — алпыс жасына жүрекжарды ақ тілектері мен құттықтауларын арнап жазды.

Оңтүстіктің тумасы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы, Оңтүстік Қазақстан тарихшылар мен саясаттанушылар қоғамдық бірлестігінің төрағасы Сейдахан Әлібектің әріптесі Зиябек Қабылдиновтың алқаулы алпыс жасын құттықтаған «Төл тарихын түлеткен тұлға» атты мақаласы «Байсалды белес» кітабына енді. Сол тұщымды дүниені жұртшылық назарына ұсынбақпыз.

Әрбір адам жақсының жақсылығын айтып, жұртқа жеткізу үшін сол ардақты азамат жайлы білген-көргенін, көңілге түйгенін көпке жеткізуге барынша тырысады. Бекзат болмысты жанды бір кісідей білу үшін жақын танып, көп араласуың керек. Біз біраз уақыттан бері таныспыз. Бір-бірімізді іздеп тұрамыз, әріптестік жарастығымыз, ғылыми бекем байланысымыз, сыйлай сыйластығымыз да бар. Өйткені Зиябек Ермұханұлымен етене араласып, сыйласып жүріп байқағаным, ол барынша жаны жайсаң, қоршаған ортасында, ғалымдар арасында, зиялылар қауымында шоқтығы биік, абырой биігінен көрініп жүрген абзал азамат.

Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты Қазақстандағы жетекші ғылым ордасының бірі екені баршаға мәлім. Соңғы жылдары институт ауыз толтырып айтуға тұрарлықтай жетістіктерге қол жеткізіп келеді.

Осы институттың Бас директоры, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Зиябек Ермұханұлы Қабылдинов өзіне көрсетілген сенімді қажырлы еңбегімен, қалтқысыз қызметімен ақтап

келеді. Әрине, елге танымал іскер басшы, ғалым, қайраткер жөнінде, оның елі үшін жасап жүрген тындырымды істерін, ғылымдағы жетістіктерін айтып, жазып көпшілікке жеткізе білсек, келер ұрпаққа үлгі болары сөзсіз. Бүгінде мерейлі алпыстың асқарына шығып отырған Зиябек Ермұханұлы жөнінде жылы сөз айтуды азаматтық парызым деп білемін.

Ресейдің Омбы облысының Таврия ауданы, Байдалы ауылында дүниеге келген ол, орыс тілімен қатар ана тілін жетік біліп, оны қолдап, ұлықтап жүруі кім-кімді болса да ерекше сүйсіндіреді. Онысы ата-анасының тәрбиесімен қазақ тілінің қадірін түсірмей бала кезінен санасына берік сіңіргеннен болар.

Жалпы, оның табиғи жаратылысынан адамгершілігі мен ақкөңілділігі адамды алғаш көргеннен-ақ өріксіз өзіне баурап алады.

Ресейдің Омбы мемлекеттік университетінде «Тарих» мамандығы бойынша білім ала жүріп, студенттік кезден университеттің тарихи-этнологиялық экспедициясының жұмысына белсене қатысып, Батыс Сібірдегі қазақ халқының тарихы мен этнографиясы туралы материалдар жинақтады. Төл тарихымыздың беймәлім беттеріне, «ақтаңдақтар» ақиқатына қанық болып, жастайынан көкірегіне тоқыды.

Кейіннен ол ғылымға қарай батыл түрде бет бұрып, ғасырлар бедерінде «мың өліп, мың тірілген» жұртының кешегі шерлі де шөжірелі тарихын тереңдей зерделеуді жөн санады. Алған бағытынан танбай, көздеген мақсатына жетті. Өлі де сол қарқыннан бір танбай келеді. Мұның өзі белгілі тарихшы ғалымның өз мамандығына деген кіршіксіз сүйіспеншілігінің, адалдығының, ғылымға жан-тәнімен берілгендігінің тағы бір айғағы болса керек.

Ресейде оқып білім алған ол, сол жерде жұмыс істеп қалып қойса да болар еді, алайда, Зәкең бар білімін, тәжірибесін өз елінің дамуына, келешегіне бағыттады. «Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» деген туған халқының қанатты сөзін жадына сақтай отырып, егеменді елдің мәртебесін көтеріп, төл тарихын жеркөзге өз үлесін қосуға осылайша біржолата бет бұрды.

Зәкеңнің: «Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында әлемнің түкпір-түкпірінде тарыдай шашылып жүрген бауырларымызды атамекенге шақырғанда, елге қуанышпен жеткен кәруеннің алғашқы сапында болған едім», - деп өзі айтқандай, ұлтжанды азамат тәуелсіздік бесігінде тербелген туған елге, ата мекенге осылайша ат басын бұрды.

Қазақстандағы «Жігіт сұлтаны» сайысына Ресейден келіп бақ сынаушылардың алғашқысы болып қатыса отырып, еш жүрексіңбей, «шешінген судан тайынбас» дегендей нәртәуекелге бел буып үлкен додаға түскенінен де оның ұлтжандылық келбетін түстеп танып, алған бетінен қайтпайтын нәртәуекелшілдігін де

көреміз. «Сегіз қырлы, бір сырлы» деген қазақтың қасиетті төңеу сөзі дәл осы Зәкең секілді жан-жақты білімді де, өнерлі адамдарға қатысты айтылса керек.

Өте ізденгіш, бұған қоса ұйымдастырушылық қабілеті жоғары Зәкең, 2017 жылдан бері Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтын басқаруға көлді. Азғана уақыттың ішінде ұйымдастыру жұмыстарын жолға қоюдан бастап, халықаралық деңгейдегі байланыстарды орнықтыра отырып, өзінің байыпты да байсалды, білікті басшы екенін байқатты. Шын мәніндегі кризис-менеджер ретіндегі іскерлігін көрсете алды. Ұжым ішінде көпшіліктің көңілінен шыға білді. Сонымен бірге осынау ұжымда жылдар бойы тамырланып, қордаланған өзекті мәселелерді түбірімен шешіп, тиісті шешімдерді тез қабылдаудың арқасында жұмыстағы оң өзгерістер көрініп, жарқын жетістіктерге де қол жеткізе бастаған болатын. Ғаламдық үрдіске белсене ілесіп, бұл мекембеделді ғылым ордасына айналғаны да оның еселі еңбегінің жемісі. Институт бүгінде ұлттық рең алып келеді.

Академиялық ортаға жаңаша жан бітіріп, бірқатар бөлекелістерге бастамашы болғаны көпшіліктің көз алдында.

Осы тұста айта кетсек, 2017-2025 жылдардан бермен қарай З.Е.Қабылдинов бірнеше жобаларға жетекші болып келеді. «Қазақстанның киелі жерлер географиясы» жобасына енгізілетін сандарды іріктеудің ғылыми негізделген өлшемдердің өңдеуі, «Қазақстан халқы» интерактивті тарихи карта, «Ұлы дала елінің тарихы мен мәдениеті», «Қазақстанның тарихи энциклопедиясы», «Қазақстанның қысқаша тарихы», «Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихы» 7 томдық академиялық басылымы ғылыми бағдарламаларының бірлескен жетекшісі болды. «Қазақстан тарихи энциклопедиясының» авторларының бірі ретінде өзі айналысатын тақырыптар бойынша 100-ден астам мақала шығарды.

Қазіргі уақытта З.Е.Қабылдиновтың жетекшілігімен «Ежелгі дәуірден бүгінге дейінгі Қазақстан тарихы» 7 томдық академиялық басылымы дайындалып жатыр. 2025 жылдан бастап «Қазақстан тарихының өңірлік аспектілерін пәнаралық зерттеу (жаңа архив материалдары мен фольклор шығармалары негізінде)» тақырыбындағы (2025-2026жж.) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасының жетекшісі.

Сонымен бірге ұрпақтар сабақтастығы мәселесін берік ұстана отырып, осы институтты кейінгі жылдары басқарған танымал ғалымдардың — М.Қ.Қойгелдиев, С.Ф.Мөжітов, Х.М.Абжанов сияқты аңыз да абыз ағаларының ұлағатты істерін жалғастырып келеді. Олармен пікірлесіп, бірегей ғалымдардың қолдау-кеңесі мен батасын алуды, бастаған ісін аяқсыз қалдырмауды өмірлік ұстаным еткені де көпке өнеге етерліктей қасиет.

Осы ретте «тұлға» деген ұғымға толық сай келетін зерделі Зиябек бауырдың, қазаққа құрметті Қабылдиновтың қоғамдағы алатын орнының бөлек, еңбегінің ерен, адами ақыл-парасаты мен мінезі, терең білімімен астасып жатқан Алаш мұратына адал азамат екендігін де айта кеткен абзал.

Жалпы, Зәкең бас болған институт соңғы жылдары көптеген шетел мемлекеттерінің жетекші ғалымдарымен ғылыми байланыс орнатқан. Атап айтқанда Ресей, Украина, Польша, Армения, Өзбекстан, Қырғызстан және т.б. елдер.

З.Е.Қабылдиновтың басшылығымен 2017-2025 жылдар аралығында 250-ге жуық архив, университеттер, ғылыми-зерттеу институттары мен Қазақстанның және шет елдердің музейлерімен ғылыми ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойылды.

Зиябек Ермұханұлы қаншама қауырт жұмыстары бола тұра, ғылыми-зерттеу жұмыстарын түзеге асыруда институттың филиалдары мен өкілдіктердің жұмысына да үлкен мән беріп келеді. Өңірлердің ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихын нақты деректерге сүйене отырып жан-жақты зерттеу, бағдарламалық-нысаналық, гранттық қаржыландыру конкурстарына қатысу, мамандар дайындау, PhD докторантура ашу және т.б. жұмыстар қолға алынуда.

«Сенім артсаң, сеніп арт» деген қағиданы берік ұстанған Зәкең, қарамағындағыларға сенім артып оларды сыйлай білген басшы, өзін де сыйлата алатын азамат. «Ұлық болсаң, кішік бол» деген қағиданы берік ұстанған жан.

Зәкеңнің адамдық, азаматтық қасиеттері жөнінде көп айтуға болады. Оған өзім де бірнеше рет куә болған жағдайым бар. Ерінбей-жалықпай ізденіп, көп жұмыс атқарады. Сонымен бірге, сабырлылық пен сыйластықты серік еткен текті жанмен осылайша аралас-әріптес болғанымды тағдырдың бір сыйы деп білемін.

Зәкеңнің жақсы қасиеттерінің бірі — ара-тұра өңірлерде туындаған мәселелерді мұқият тыңдап алып, оны қазаға немесе телефонына жазып алып, тез арада шешіп тастауға дағдыланған. Қандай мәселе болса да түсінуге тырысады, ұстамдылық танытады.

Үлкенге ізет, кішіге сыйластықпен қарайтын, адамгершілігі мол, бауырластыққа бейім Зәкеңдей азаматтың елге берері, ізін басып келе жатқан кейінгі жастарға өлі де үйретері көп. Сол жолда шаршамай-талмай абырой биігінен көріне берсін дегім келеді. Мерейтой иесі Зиябек Ермұханұлының шаңырағына шаттық, ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, несібесі мол болсын деген тілек білдіремін!

**Сейдахан ӘЛІБЕК,**  
**Мұхтар Әуезов атындағы**  
**Оңтүстік Қазақстан зерттеу**  
**университетінің профессоры,**  
**тарих ғылымдарының докторы**